

Б. Нәукенұлы<sup>1</sup>, Ж.Ш. Жумагелдин<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Шыңжаң халық ағарту университеті, Үрімші, Қытай;

<sup>2</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: zhanaidar.zhumageldi@mail.ru)

## Серік Сағынтай әңгімелеріндегі адамзаттық мәселелер

Мақалада қазіргі қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар ақын-жазушы Серік Сағынтайдың әңгімелерінің өзектілігі сөз болды. Тарих пен әдебиет тақырыбын негізге алған қаламгердің шығармашылық зертханасы жан-жақты сөз бола отырып, қаламгердің қоршаған ортаға деген ойы мен бағасы қазіргі көзқарас тұрғысынан жан-жақты талданған. Авторлар жазушының шығармашылық шеберханасын тереңнен қарастыруға тырысқан. Серік Сағынтай шығармаларындағы тарих пен әдебиет, шындық пен ақиқат, туған дала шағылдары, бүгінгі жазушы мен адамдық болмыс мәселесіне осы мақалада ғылыми сараптама жасалды. «Қарға» жинағындағы өмір мен өлім, жақсылық пен зұлымдық, махаббат пен жек көру, мейірімділік пен қатыгездік, бүкіл ғалам мен адамзат тағдыры, жаратылыс пен табиғат сияқты мәңгілік тақырыптарға жазылған әңгімелері салыстырмалы-салғастырмалы негізде талданып, ғылыми тұжырымдар берілген. Жазушының образ жасаудағы ізденістері де зерттелген. Сонымен қатар образ, адам, адам концепциясы арасындағы сабақтастықтар да сөз болады. Мақалада жазушының шығармашылық эволюциясы, суреткерлік шеберлікке жету сыры әңгімелерінен аңғарылады.

*Кілт сөздер:* қаламгер, психология, ұлт, қазіргі проза, қоғам, адам, дүние диалектикасы, адамзат тағдыры, әдеби процесс.

Адам баласы тарихи дамудың жаңа белесіне шыққан сайын жүріп өткен жолына үңілетіні, өзі қалыптастырған рухани-элеуметтік құндылықтарын ой таразысына салып, қайта бір бажайлауға, баға беруге талпынатыны хақ. Бүгінгі күні адамзат қауымының жаңа ғасырға аяқ басуы әлемдік қатынастардағы нендей бір құбылыстар мен өзгерістер жайлы нақтылы тұжырымдар жасауға мұрындық болып отыр.

Соңғы жылдардың өзінде-ақ өткен-кеткенімізге, бүгінгіміз бен болашағымызға арналған қаншама роман, повестер жарық көрді. Сан жағынан да, сапа жағынан да тың сипаттар таңытып жатқан таланттар қаншама. Бұлар бір шығармадан бір шығармаға ауысқан сайын көркемдіктің көкжиегін кеңейтіп жанр шеңберін, тақырып аясын ұлғайтып, бұрын қаламға ілікпеген оқиғалар мен адам мінездерін бейнелеуде орасан батыл қадамдар жасады.

Қазір проза да, поэзия да кесек бейнелер арқылы, үлкен ұғымдар арқылы толғайды. Әрине, бұл уақыттың заңдылығы. Қазіргі дүние диалектикасын ірі, кесек құбылыстар арқылы бағдарламасқа шара жоқ, өйткені адамның жан дүниесіндегі күйкентайдай құс үні алысқа жетпеуі мүмкін. Бейнелеу құралдары мен толғау тәсілдерінде түрлі-түсті түрленулер қаншама мол болғанымен, жазушылық, жазушылық мұрат жөнінде сөз басқа.

Академик С.Қирабаев: «Соңғы жылдардағы әдеби процестің бір ерекшелігі — талантты жастардың әдебиетке көптеп келуі. Он-он бес жылдардың айналасында әдебиетке келген топ та біраз іріктеліп қалды. Олардың талантты өкілдері осы дәуір ішіндегі әдеби процеске белсене араласып, әдебиетіміздің жаңа ізденістерін, табыстарын байытуға үлестерін қосып жүр. Олар өз дәуірі шындығының жанды суретін ғана емес, замандастарының ішкі сезім күйлерін, оларды толғандырған ой-пікірлер байлығын ала келді. Жастардың жазу мәнерінде білімділік, мәдениеттілік сезіледі. Шындыққа әр көзбен қарап, әрқайсысы әр жағынан толықтыру арқылы олар әдебиет әлемін енді-енді барлап, кей жазушылар өздерінің негізгі шығармаларын әлі жазып үлгермесе де, олардың бойындағы рухани қуатты жіті байқаған еді [1; 84].

Жалпы, қазіргі қазақ прозасының тақырыптық, көркемдік проблемасы өте көп. Проза — өнердің өз заңдылығы бар, яғни проза — барынша күрделі тоқылған, әсем өрілген, сан алуан құбылыстарымен тамырласып тұтасқан, көркемдік құпиясы аса мол өнер. Проза құрылысының әңгіме етер жібек арқауы, алтын өзегі қара сөз десек артық емес. Өйткені сөз мәдениетінде, оның қазынасында адамзат баласының сан ғасырлар бойы жинап-терген даналығы мен данышпандығы, ойлылығы мен сезімталдығы, өмірлік тәжірибесі мен тарихы, ұғым-түсінігі мен көркем шындығы жатыр. Заман көші ілгері озған сайын үнемі дамып, үздіксіз өсіп, үзіліссіз жетіліп, жалындай маздап кемелденген, түрленген сөздің барша қуат-күдіретін сарқа пайдаланған сөз ұстасы оның қандай

нұсқа-үлгісін болса да шешен сөйлетіп, шебер ұйымдастырып, жан дүниенді, сезім әлемінді сілкіндіріп, толқытып толғандырады. Жазушы сөздің мағыналық өрнегін, шырын-мәйегін, қоғамдық мәнін, өмірлік мазмұнын, көркемдік бояуы сияқты сипаттаудың селбесуін есепке алуы керек. Қалай десек те, өмірдің жан-өзегінен туған прозаның эстетикалық тұғыры бөлек. Сезім де, махаббат та, тартыс та-өмірдің алақанында талпынған сәби [2; 27].

Проза — жанға жақын шынайылықты, тазалықты, санаға сіңерлік табиғи зергерлікті, сезіммен, жан-жүйемен сезінерлік нәзік те киелі сезім-сырларды аңсау, адамның асқақ та жұмбақ, қырлы да сырлы табиғатын тану. Сол арқылы өзінді-өзің тану. Әрине, творчествосы өзінше бір әлемге айналған жазушыларымыз да, әдеби процесте өзіндік орны бар туындыларымыз да көпке мәлім. Ал солардың кез келгені өз оқырманын тапты ма?!

Біздің проза орманымызда бәйтеректерге қарап бой түзеген әсем шынарлар бары даусыз. Кейінгі кезеңдерде жұртшылыққа танылған бір топ жазушылардың қатарында өз стилімен, өз туындысының гүлімен ерекше көрінген жазушылардың бірі — Серік Сағынтай. Жас та болса қаламын өткір ұштаған жазушы Серік Сағынтайдың шығармашылық сілтесінен Тайбурылдық рух, кесекті мінез танылады. Жазушының шығармаларынан қаламгерлік мәнері қалыптасқан, әңгіме өлкесіне арынды ақ бұлақ болып келіп, аруақты проза теңізіне қарай анық сеніммен арна тартқан арқалы толқын екенін көруге болады.

Жазушы Серік Сағынтайдың шығармалары өз оқырманына жоғарыда айтылып кеткен проза ерекшеліктерімен әсерлі. Қай жазушының болсын проза өнерінде азды-көпті үлесі бар. Прозаға келген әрбір жас талапкер секілді Серік Сағынтай да қазақ әдебиетіндегі бар үлгіні, бар дәстүрді, көркемдеу құралдарының бар түрлерін пайдаланған. Өмірде, өнерде өлмес, өшпес із қалдыру оңай жүк емес. Өз жолын, өз стилін тауып, шығар биігіне әбден орнықпайынша жазушыда тыншу, тыным болмақ емес.

Серік Сағынтай (құжат бойынша Айбат Сағынтайұлы Кептербаев) 1976 жылы 11 желтоқсанда Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданында дүниеге келген. 1992 жылы Қоңырат ауылында Қазыбек Нұржанов атындағы орта мектепті тәмамдап, Жезқазғандағы О.Байқоңыров атындағы университеттің тарих-шет тілдер факультетіне түседі. 1997 жылы университетті бітірген соң, Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» («Тоқырауын тынысы») газетіне әдеби қызметкер болып орналасқан. 2000 жылдан Балқаш қалалық «Балқаш өңірі» газеті редакторының орынбасары, облыстық «Орталық Қазақстан» газетінің әдеби қызметкері, облыстық «Балқантау» газетінің бас редакторы, республикалық «Айқын», «Алаш айнасы» газеттерінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі қызметтерін атқарған. Республикалық «Қасым» әдеби-қоғамдық журналының бас редакторы.

2003 жылы «Шабыт» Халықаралық фестивалінде жүлделі 1-орынды иеленген (әдебиет номинациясы, проза). 2005 жылы «Зерде» қоғамдық қоры ұйымдастырған «Поэзия, менімен егіз бе едің?» атты Республикалық жыр мүшәйрасының бірінші жүлдегері. 2009 жылы Жаңаарқа ауданының 80 жылдығына, Жазушылар Одағының 75 жылдығына арнап өткізілген Республикалық мүшайрада 2 орынды иеленген. Бұдан өзге облыстық, республикалық жыр додаларының бірнеше дүркін жеңімпазы.

«Жазу», «Фәни-құс» атты өлеңдер жинағы, «Қарға» атты әңгімелер жинағы жарық көрген. Тоқсаныншы жылдары прозаға келген өнімді топтың басында Серік Сағынтай тұр десек, бұл да ақиқатты бұрмалағандық болмайды. Себебі, Серік Сағынтайдың шығармашылығында шынайы талантқа тән бітім-болмыстың бәрі де бар: ой да, образ да, ішкі саздылық та, түрлік саналуандылық та.

Ал біз сөз еткелі отырған жазушы Серік Сағынтайдың жарық көрген кітабы «Қарға» өзіндік сонылығымен танылған жинақ. Әйтсе де осы әңгімелер жинағын қолына алып оқыған адам, оның кім екенін, қандай жазушы екенін пайымдай алады деп айтуға әбден болады.

Серік Сағынтай қазіргі қазақ әдебиетінде рухани көркем ой кеңістігінде алатын орны айрықша. Қазақ әдебиетінің соңғы онжылдықтарда жарық көріп жатқан көрнекті көркем туындылары — ұлттық санамыздағы көркем ойлаудың көрсеткіштері. Әдеби шығармалар мен ғылыми зерттеулердің мыңжылдықтар белестерінде қалыптасқан қазақ өркениетін танытатын тарихи-мәдени құндылықтардың барлығын да шынайы болмысымен толық қамту аясында жазылып жатқандығын байқаймыз.

Жазушы өз шығармаларында жеке адамға тән, бүкіл адамзатқа ортақ проблемаларды қозғаумен келеді. Өмір мен өлім, жақсылық пен зұлымдық, махаббат пен жек көру, мейірімділік пен қатыгездік, бүкіл ғалам мен адамзат тағдыры, жаратылыс пен табиғат сияқты мәңгілік тақырыптарға батыл

барып, өз сөзін айтуға талпынады. Оған, әрине, оның жазушылық қарымы, білігімен білімі жететіндігінде сөз жоқ.

Жазушының арманы — халқының адал азаматы болу; сол халықтың жанын қозғап, жүрегін тербер әңгіме жазу. «Қарға» жазушының сондай арманының үміті мен сенімінің бір белгісіндей. Серік шығармаларында баладан үлкенге дейін қызықтырып оқырлық, тындарлық бір өзгеше жылылық бар. Өйткені бұларда өмірдің өзі сөйлейді, өмір сырлары шертіледі.

Прозаның романтикасын, өршілдігін көбінесе жырланатын оқиға, көрініс күйлері көтеретіндігі де рас. Ал жазушы, яғни тапқыр жазушы, әр көріністі қиялмен, ой көзімен барлап, тың теңеу, әсерлі бейнелер табуға тиісті. Бұл ретте Серік Сағынтайдың «Қарға» атты әңгімелер жинағынан тапқырлықты айқын көруге болады. Бұл кітап «Гүлмира», «Аңшы», «Қарға», «Жалмауыз», «Аң», «Ауылың сенің іргелі...» (этиюдтер), «Сіз бармаған бір қыстақ», «Дүр ененің тайпасы, немесе ана еркі дәуірінің азалы аңызы» (хикаят), «Теңіз толқынындағы кафе», «Жарты қап кітап» атты әңгіме, хикаяттардан тұрады. Қай шығармасын оқысаң да, жазушының зеректігін, көрегендігін, оқиғаның шындығын, оқиғаны өзі көргеніндей әсем суреттелетінін көресің.

Адамзат болмысының соғыстай шеннен шыққан трагедиялық астарын терең жеткізер кемел туындылар біздің әдебиетімізде баршылық. Әйтседе Серік Сағынтайдың шығармалары жазушының тегеурінін әбден танытқан шығармалар. Ол Елбасына түскен ауыртпалықтың, зұлматтың зардабы мен заңсыздығын айту үшін кеңірдекке артық салмақ салып, қаламына баттастыра бояу жағып, күшейем деп күшеніп жатпайды. Қарапайым тілмен, мәнін келтіре мөлдіретіп жеткізеді.

С. Сағынтай шығармашылығында тарих пен бүгін, шындық пен ақиқат, туған дала шағылдары, бүгінгі жазушы мен бағзы күйші қоян-қолтық араласып, адамдық болмыс деп аталатын бір тұтас әлемге айналып тұр. Жазушы өз замандастарының сол қым-қиғаш күрделі дүниедегі ию-кию араласып жүрген шындық пен жалғанды түйсігіне, түсіне, ажырата алғанына жәрдемдесуді ең басты адамзаттық парызы санайды.

Шыншыл жазушы, сыршыл жазушы адамзат қоғамының күрделі әлеуметтік болмысының шын драматизмін көлкештеп, көлгірси сөйлей алмасы хақ. С.Сағынтайдың әңгімелерінің құдіреті — сыршылдығында, сыршылдықтың құдіреті шыншылдығында деп ұғады. Шыншылдыққа үйренбей тұрып, әділетке ара бола алмайсың. Өнердің мұратын шындық деп түсінетін жазушы, өмірдің, өнердің де бірден бір жауы жалғандық деп біледі.

Жазушының беріліп, шабытпен, аса құмарта, кең көселіп жырлаған табысты тақырыбы — махаббат, сүйіспеншілік. «Гүлмира» атты әңгімесі алғашқы сезімді, құмарту, елту, құлап жығылу, жас ақынның іштей ынтық ғашықтық сезімін, өкініш пен ыза, шарасыздық сәттерін бейнелейді. Әңгіме «Когда уже очень далеко уйдешь по жизненному пути, то замечаешь, что попал не на ту дорогу» деген П.Буасттың цитатасын берумен басталады. Бұл сөздер оқырманға әңгімені оқымай тұрып, бір ой тастайтын секілді. Әңгіменің баяндалуы мынадай монолог сөздермен басталады: «...Отыз үш жыл өтіпті. Өрге шығамыз деп едік, ылдида секілдіміз. Бел асамыз деп едік, беткейлеп келе жатқандаймыз әлі. Он бесте едім. Аңғал едім. Пәк едім. Иә, құм қамаған бұйығы ауылдың момақан баласы, он бесте едің сен. «Ақын бала» деген атағың аудан алабына аян. «Сен де он бесте, құралай, мен де он бесте...» немесе «Ол кезде сен де он бесте, мен де он бесте...» деп келетін өлеңдер бар біздің жақта. Екеуін де сенікі деуге болады. Бірақ он бес жасың өзіндікі емес екен...Тырау-тырау тырналар бұлтты ойғанда ауылға келді Гүлмира. Қазір соны еске алғанда, әңгімелегенде «Ауылға цивилизация келгендей боп еді», деп қоясың кейде. Айтқандай, біздің бала бастан кешкен кез туралы ел жақтағы жазушы көркем де тәмсіл тартқан. Бірақ нақты болған жайды кейіпкердің өзінен тыңдаған абзал болар», — деп жазу енді кейіпкерлерін сөйлетеді.

«Гүлмира» атты әңгімесінде басты кейіпкер — Гүлмира. «Ауыл-үй арасында көрікті қыз аз емес. Гүлмира солардың бәрінен бөлек. Үлбір жүзіне қарақат жанары, бүлдірген еріні, жайбарақат аңтарылған кірпіктері шақтап тартылған. Ауыл-үйдің түбіт мұрттарына қырдан қашқан түлкідей болды Гүлмира», — деп жазушы Гүлмираның портретін шебер жасаған. Адамды айтқаннан кейін адамгершілікті айтпау мүмкін емес. Адамгершілік, ар-ұждан мәселесі әдебиеттің мәңгілік тақырыбы ретінде қашан да өз маңызын жойған жоқ. Бұл орайда «Гүлмира» әңгімесінде Ноқай адамгершіліктен жұрдай өтініші — өктем, өзі — озбыр кейіпкер. «Тасын қаншама ғасыр қына жеп, мүжіп, мориып кеткен тау да бір — Ноқайдың жүрегі, сезімі де бір. Ондай таудың басына қылтанақ та тұрақтамас болар», — деп Ноқайға жазушы сондай сипаттама береді. Мәжнүн — Гүлмираға ғашық болған ақын жігіт. «Ақын атаулы тағдырдан таяқ жеуге жаралған халық. Әсіресе Ноқай сынды нойыстардан Нұқ пайғамбар заманынан бері, жер бетінде алғаш Өлең деген махаббат кемесі жасалғаннан бері таяқ жеп

келеді. Ақын баланың жүрегі алғашқы дүмпуде-ақ атылып, айнала бұлақ басы тең алапты көмкеріп кеткен. Зарлы, зәрлі жырымен. Кейін жанартау дамыл табар, жүрек те беріш жамар. Уақыт бәріне емші...», — дегендей, бұл әңгімеде Гүлмира мен Мәжнүн бір-біріне қосылмайды.

«Содан бері отыз үш жыл өтіпті... Отыз үш жыл. Арқаның жазығында жаныма ерген құралайдың лағындай жаным еді, Гүлмира!

Аңғал едік. Пәк едік. Ал, өмір... Өмір — ноқай екен, нойыс екен. Әу баста бағыт алып шыққан жолыңның ортасынан асқан соң, кері қайырылып қарасаң...

Жер жаралып, су аққан алғашқы дәуірді, мұқым жалғанның жаратылысын түсіндіргісі келетін ғалымдар Жер шарының жазиралы жұмақтары қайнарында мәңгі лаулап жататын қызуы бар жанартаулардың демімен жасанып-жаранып тұра береді, дейді. Ал бір күні атылса... Біздің жастық шағымыз да сол жазиралы жұмақ екен. Тек өз дегенін жасайтын мәжнүн өмір болмаса...

Сол кездегі бала ақынның жазған өлеңі қалай еді? Ол тәмсілдің ендігі нұсқасы жазылса, былай болуы тиіс:

*Көктем көздің жасындай боп сырғи ма?  
Сырғи-сырғи бет түзедік ылдига.  
Сары белден сағым ұшып жатқанда,  
Жаныма ерген жаным едің, Гүлмира.  
Күндей күлген көгімдегі Гүлмира,  
Ұсынады өмір нені Гүлмира?  
Он бесінде толған айдай толысқан,  
Отыз үш жыл көрінбеді Гүлмира [3; 15].*

Өте реалды ой-әрекеттер суреттелген. Автор асырып, не төмендетіп жібермейді. Шындықтан да қашпай, өзін де аямай, құрғақ, қысқа баяндаудың бір жақсы үлгісін жасаған. Осы көлемнен ауытқымайды, кейде мол, кейде шөл емес, тұп-тура. Тілі дәл, нақты. Махаббаты әсірелемеген. Осынысына таңқаласың. Бұл әңгімеден философиялық терең ойларды кездестіруге болады. Әңгіменің бір ерекшелігі: «Ақын мен ару келіншек әлі кездеспеген деседі. Кездесуі керек пе, әлде?...» — деп жазушы әңгіменің соңында оқырманға ой тастайды.

Прозадағы көркемдік тіл деген құралдың адам баласының өміріндегі құдіретін, күшін көрсететін белгі. Демек, осы белгі қандай тәсілдермен, тілдің қандай заңдылықтарымен жүзеге асады, қай жазушы қалайша жүзеге асырады деген сауалға жауап беру.

Көркем әдебиетте, оның ішінде прозада сөз әрдайым өзінің тура мағынасында жұмсалмай, әр алуан мақсатта құбылып, өзгеріп, қосымша реңк үстеп, негізгі тілдік мағынасын ауыстырып немесе тарылтып, я болмаса кенейтіп қолданылып жатады, бірақ бұл құбылулар бейберекет емес, тілдің белгілі бір заңдылықтарымен, нормасымен жүзеге асады [2; 63].

С. Сағынтайдың жазу мәнері көпке ұқсамайды. Өмір шындығын басқаша көзбен көріп, өзгеше стильмен жеткізуге ұмтылады. Оның бұл ізденісін әркім әрқалай бағалауы заңды, бірақ, ең бастысы, жас қаламның жаңашылдығына үрке қарауға болмас. Жазушының шығармалары сөйлем құру дағдысымен ғана емес, жанр тұрғысынан да өзгеше. Әсілінде, қиық-қиқымнан тұру жалпы шығармаларының басты және ортақ ерекшелігі деуге болады. Бұның тасасында жазушының дүниені түсінудегі таным ерекшелігі тұр деп ойлаймыз.

«Жалмауыз» әңгімесі мифология мен фантастикаға құрылған сәтті шығарма. «Каждый из нас одинок в этом мире. Каждый заключен в медной башне и может общаться со своими собратьями лишь через посредство знаков. Но знаки не одни для всех, а потому их смысл темен и неверен. Мы отчаянно стремимся поделиться с другими сокровищами нашего сердца, но они не знают как принять их, и потому мы одиноко бредем по жизни, бок о бок со своими спутниками, но не заодно с ними, не понимая их и не понятые ими. Мы похожи на людей, что живут в чужой стране, почти не зная ее языка; им хочется высказать много прекрасных, глубоких мыслей, но они обречены произносить лишь штампованные фразы из разговорника...» Сомерсет Моэмнің цитатасын берумен басталады [3; 116].

«Карлаг» тұтқыны Иманмұса Жантоқовтың шөбересі Ыбырай Мусин — белгілі түрколог-ғалым. Оның егізі Мұсатай болса, облыстағы кардиоорталықта бас дәрігер. Бір ата-анадан өрген егіздер сенбі сайын бас қосып, моншаға барып, одан соң, сыраhanaға енгеннен шыққанша толассыз дауласады.

Кез келген адамның жүрегінде «АЛЛА» деген арабша жазу бар, — дейді кардиолог.

الله

– Жаңылысасыз, профессор мырза, — дейді түрколог, — жүректі шарбақтаған тамырлардан шығатын таңбалар Орхон-Енисейдегі көне түркі қаріптерімен дәлме дәл келеді:

𐰇𐰏𐰤

«АЛАС», яғни, «Кет. Жолама. Аулак!» деген мағынаны береді... », — деп басталғаннан-ақ қызыға бастайсыз. Сөйтіп, қанша жорамалдасаңыз да, ойлағаныңыздан басқа әлемге тап боласыз. Сонда ғана барып фантастика жанрын түсінесіз. «Карлаг» тұрғындары сол түні ұйқыларынан шошып шықты. Қорқау күзетшілерінің күндізгі құқайынан емес. Қабаған жалмауыз иттердің ұлуынан, абалап уруінен де емес.

«Түн ортасынан ауа лагерь шетіндегі жәпірейген тамнан шұбатылып шыққан өзгеше иіс жер тістеген бараққа қалықтай еніп, күлімсі қапырық сыз езген дәлізді бойлай есілген». Осы жағынан психологияға көбірек иек артады. Онысы ұтымды шыққан. Жалпы, мұндай шығармалар қазақ прозасында аз екенін ескерсек, олқылықтың бір тұсын жамауға жарайтын әңгіме». Бұл әңгіменің кейіпкерлері Иманмұса Жантоқұлы, Авраам Сенковский, Ыбырайым, Тәңірберген бұл адамдардың бойынан түрлі қасиеттерді көруге болады. Жалпы, бұл әңгімеде құран сүрелеріндегі аяттар да кездеседі. Өмір, адамды жаратушы Алла Тағала, қарғыс, күнә туралы философиялық ойларды кездестіруге болады. Бұл әңгімеде «Карлаг» тұтқындары әбден ашығып, әл ауқаттары кеми бастайды. Бұларға түрме қарауылдары күнде ет, сорпа бере бастайды. Бұл не деген мейірімділік деп Аллаға шүкіршілік етеді, сөйтіп жарты жалғанның жұрты жиылған Карлагтың Көкөзектегі бөлімшесінде көктемнің сол сызды күндерінен бастап тұтқындарға, оның ішінде ұлты қазақтар мен өзге жұрт иттің етінен жек көрер жайттерге күнде үш мезгіл ет асылып берілетін болды. Бұлжымас тәртіп, жоғары жақтан қатаң қадағалауға алынған. Кімнің қамқор назары түскені белгісіз-қырық шақты қазақ пен жүзге тарта иудей тұтқын ет жеп, оңалып, бір жасап қалды.

«Ет! Ет!», — дейді ыңырсып, түн баласы түстеріне үрейлі елес кіретін тұтқындар. Сүйегінен сылынып алынған, әлде, ұзақ қайнатылып, сілікпесі шығып, жілігінен ажыратылған ет — адам еті еді... болатын деп», — оқиға әрі қарай өрбиді.

«Мен адам сойдым. Топыраққа берілмеген, арулап көмілмеген аруақтарды қорладым». Адам етін жегені жадына оралғанда шарасыздықтан шалқалай құлады. Тас еденге басын тарсылдатып соғып, жанталасты. Бірақ жан тәтті екен. Өлмеді. Жүрегі шым-шымдап сыздап, тас боп бүріп ауырып, ауызына қан дәмі келген. Тілін тістеп алыпты. Ұртына ұйыған қан толып қалғанын сонда аңғарды. Лоқсып, түкіріп қалғанда тістелген тілінің жартысы қоса кеткен. Езуінен шұбырған қан тоқтар емес. «Тілім кәлимаға келмейтін болды-ау! Иманымды кім үйіреді?!» Сүйретіліп, жүрелей отырған Ыбырайым сұқ саусағымен мұның қанды түкірігін түртіп, ішінде жатқан кесек етті-тілді шымшып ұстап, Иманмұса қолын қаққанша ауызына салып жіберді. Мылжандап шайнай бергенде, қазақтың жұдырығы шықшыттан тиіп, қырындай құлады», — бұл үзінді де жазушы монолог арқылы кейіпкерлердің ішіндегі толғаныстары мен сезімдерін шебер суреттеп жеткізген.

«Күрт тізерлей отыра қалып, жүректі оңнан солға қарата айналдырып, тәспік тартар машығын ұмытпаған сорлы саусақтары кезегімен қыбырлап, еріні дірілдеп, Құран сүрелерін созды қасапшы. Кесілген тілі қазақшаға келмесе де, арабтың жұмсақ әуезді сарынына ере, көмейден төгілген зарлы дұғаны кедергісіз ақтарған. Жарты сағат зарлаған бейбақ, орнынан ғапыл атып тұрып, Ыбырайымға қарап, жөйттің қолында тұрған селебені алып, кенет шалқая бере өз алқымынан қиялай тартып, айналдыра орып жіберді. Тік тұрған күйі сылқ етіп, тізерлей отырып, кеңірдегі мен күре тамырынан атқақтаған қою қара қан тыйылғанда, шалқалап құлады. Өлгінде өзін-өзі шалып, бауыздап жібергенде, оң қолындағы селебені тастай сала, ағасының жүрегін қос қолдап ұстап, кеудесінің сол жақ тұсына басып үлгірген екен. Иманын үйіріп, ағасының жүрегін тәспікше тартып, дұға қайырған Иманмұса шалт қимылмен жан тәсілім ғып, шалқалай құлағанда денелі қазақтың салмағы басып кеткен Ыбырайым солға қарай теңселе шатқаяқтап, ашық тұрған пеш ішіне баспен кіріп кеткен-ді. Өкіре айғайлап жанталасқанмен, темір пештің жалмауыз аранынан шыға алмай тұншығып, әп-сәтте

жалын құшағында жан тапсырды байғұс жөйт..», — бұл әңгіменің бас кейіпкерлері Иманмұса мен Ыбырайымның тағдыры аянышты аяқталады.

С. Сағынтайдың әңгімелерінен адамның ішкі дүниесі және оның қазіргі әдебиеттегі көрінісі, әдебиеттегі адамның рухани ізденістерін аңғаруға болады. Жазушының образ жасаудағы ізденістері ерекше. Образ, адам, адам концепциясы арасындағы сабақтастықтарды аңғаруға болады. С.Сағынтай қазақ прозасының алғашқы қадамынан бүгінге дейінгі даму эволюциясына, ондағы түр, мазмұн, көркемдеу тәсілдері мен құралдарына назар аударған. Оның шығармаларынан қазіргі прозадағы ұлттық сана, ұлттық психология, ұлттық характердің көрінісін көруге болады. С.Сағынтай қысқа эпикалық жанрда бүгінгі күннің өзекті деген проблемаларын көтереді. Әсіресе қаламгердің қазақ әдебиетінде әлі жан-жақты игерілмей келе жатқан жаңа қоғам проблемаларына баруы, тәуелсіз қоғамда өмір сүріп жатқан адамның өзгерген санасына көркемдік тұрғыдан барлау.

Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымының деңгейі де, оның логикалық даму барысы да қазақ ақын-жазушыларының творчествосындағы адам концепциясының философиялық-эстетикалық қырларына терең үңілуді талап етеді. Әсіресе образ бен характердің табиғи, әлеуметтік, нақты тарихи және бүкіладамзаттық қырларын жаңаша пайымдау маңызды мәселелердің қатарынан әлі күнге түскен жоқ.

Ұлт пен ұлт мәдениетін рухани жалғастыратын тек әдебиет. Қазіргі қазақ әдебиетіндегі проза жетістіктерін Серік Сағынтай есімінсіз елестету қиын. Оның шығармашылығы туралы арнайы зерттеулер жарық көрмесе де, бірқыдыру парықты толғамдар әдебиеттану бағында жапырағын жайған.

Қаламгер қай кезде де еліміздің әлеуметтік-қоғамдық өміріне қатысты көкейкесті мәселелерді өткір көтере білді. Кеңес қоғамының жаңбырдай жауған жансыз сөздерінің ішінен бері келген тәуелсіз кезеңнің жазушылары үшін сөзді қайта тірілту ең басты міндет болды. Кеңес идеологиясы алып құрылыстар салып, қала тұрғызып қана қойған жоқ, өз идеологиясына қалқан етіп ұстайтын сөзден тау да тұрғызды. Қарапайым сөз тіркесінен басталып, ұзын-ұзын құрмалас сөйлемдерге ұласатын кеңес әдебиетінің құрсауынан босаудың басты жолы алдымен осынау сөйлемдерден азат болу немесе сөйлемді қайта құрудың жолын қарастыру екенін посткеңестік елдердің тәуелсіздіктен кейін әдебиетке келген жазушылары бәрі дерлік аңғарды.

Сол ерекшелікті қазіргі қазақ прозасында өз стилімен нақышына келтіріп, қалың оқырман арасынан өз орнын таба білген жас жазушыларымыздың бірі — Серік Сағынтай. Прозаның романтикасын, өршілдігін көбінесе жырланатын оқиға, көрініс күйлері көтеретіндігі де рас. Ал жазушы, яғни тапқыр жазушы, әр көріністі қиялмен, ой көзімен барлап, тың тенеу, әсерлі бейнелер табуға тиісті. Бұл ретте Серік Сағынтайдың «Қарға» атты әңгімелер жинағынан тапқырлықты айқын көруге болады. Жазушы өз шығармаларында жеке адамға тән, бүкіл адамзатқа ортақ проблемаларды қозғаумен келеді. Өмір мен өлім, жақсылық пен зұлымдық, махаббат пен жек көру, мейірімділік пен қатыгездік, бүкіл ғалам мен адамзат тағдыры, жаратылыс пен табиғат сияқты мәңгілік тақырыптарға батыл барып, өз сөзін айтуға талпынады. Оған, әрине, оның жазушылық қарымы, білігі мен білімі жететіндігінде сөз жоқ.

Серік Сағынтайдың прозасынан нені аңғаруға болады? Әлбетте, жазушының сұлулыққа көзқарасынан бастап гуманизміне дейінгі талай қырлары аңғарылады. Сонымен қатар жазушының шығармашылық эволюциясын, суреткерлік шеберлікке жету сырын тани аламыз. Дәлірек айтсақ, Серік Сағынтайдың махаббат тақырыбындағы әңгімелері тіл, ой, сурет, жалпы сүюді сезіну, ұғыну жағынан әдебиет төрінен жоғары орын ала отырып, оның нағыз проза да шебер жазушы екенін дәлелдей алады. Міне, жазушының әңгімелеріне аз ғана көз тастағанда көрген-білгеніміз осындай. Ендеше, прозаны дәл осылай тақырыбына қарай топтап талдау оны жазған жазушының творчестволық бітімін пайымдау үшін айрықша мәні бар нәрсе.

Серік Сағынтай — қазіргі қазақ прозасы мен поэзиясына соны леп, тың серпін, өзгеше форма әкелген реформатор жазушы әрі ақын. Сондықтан да, шын мәнінде, рухшыл, күрескер ақын. Серік Сағынтай өзінің шығармашылығымен осылайша талай оқырманның жүрегіне жол таба білді деп толықтай айта аламыз.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қирабаев С. Екі томдық шығармалар жинағы / С. Қирабаев. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1992. — 544 б.
- 2 Майтанов Б. Қазақ прозасын психологиялық талдау / Б. Майтанов. — Алматы: Жалын, 1995. — 326 б.
- 3 Сағынтай С. Қарға / С. Сағынтай. — Астана: Профи Медиа, 2011. — 194 б.

Б. Наукенулы, Ж.Ш. Жумагелдин

### Проблема человеческого в рассказах Серика Сагынтая

В статье рассмотрено творчество современного казахского поэта и писателя Серика Сагынтая, который занимает особое место в современной казахской литературе. Проведен всесторонний анализ его произведений, главными темами которых являются история и литература, реальная действительность, взгляд и оценка писателем окружающей действительности. Авторы статьи попытались проникнуть в творческую мастерскую писателя. Путём тщательного художественного анализа Серик Сагынтай проникает в сущность вещей. Так, в произведении «Ворона» поднимаются вечные вопросы добра и зла, любви и ненависти, жизни и смерти. Серик Сагынтай пытается разобраться в будущем человечества, предостеречь от необдуманных поступков и неправильных решений. Изучены также новаторские особенности поэтической техники поэта в создании образа. В его произведениях образ, человек, человеческая концепция взаимосвязаны и несут особую смысловую нагрузку. Прослеживается эволюция творчества автора — от простого к сложному, от житейского к философскому. Серика Сагынтая отличает своеобразный стиль, заключающийся в отражении правдивых жизненных ситуаций. Он исследует жизненные проблемы с философской точки зрения. Актуальность его поэтических произведений заключается в реалистичном отражении жизни современного общества. Кроме того, рассмотрены художественное мастерство поэта и психологические аспекты его произведений.

*Ключевые слова:* писатель, психология, нация, современная проза, общество, человек, диалектика мира, судьба человека, литературный процесс.

B. Naukenuly, Zh.Sh. Zhumageldin

### The human problematic of Serik Sagyntai's stories

The article deals with the work of the contemporary Kazakh poet and writer Serik Sagyntai, who occupies a special place in modern Kazakh literature. A comprehensive analysis of his works is conducted, the main topics of which are history and literature, the real reality, the writer's view and appreciation of the surrounding reality. The author of the article tried to penetrate the creative workshop of the writer. Through the strain of artistic creativity, Serik Sagyntai penetrates into the essence of things. Thus, in the work of «The Crow», eternal questions of good and evil, love and hatred, life and death are raised. Serik Sagyntai tries to understand the future of mankind, to warn against ill-considered actions and wrong decisions. Analyzed are also innovative features of the poetic technique of the poet in creating the image. In his works, the image, the person, the human concept are interrelated and bear a special semantic load. The evolution of the author's creativity is traced — from simple to complex, from everyday to philosophical. Serik Sagyntai distinguishes a peculiar style, which consists in the reflection of truthful life situations. He views life's problems from a philosophical point of view. The relevance of his poetic works is being studied, which is a realistic reflection of the life of modern society. In addition, the artistry of the poet and the psychological aspects of his works are considered.

*Keywords:* writer, psychology, nation, modern prose, society, man, dialectics of the world, the fate of man, the literary process.

### References

- 1 Qirabaev, S. (1992). *Eki tomdyk shyharmalar zhinahy [Two volumes of essays collection]*. Almaty: Zhazyshy [in Kazakh].
- 2 Maytanov, B. (1995). *Kazak prozasyn psikhohoiialyk taldau [Kazakh prose psychological analysis]*. Almaty: Zhalyyn [in Kazakh].
- 3 Sagintai, S. (2011). *Karha [Crow]*. Astana: Profi Media [in Kazakh].